

Жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе көлігімен тасымалдау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 7 қазандағы N 448 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 1 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6614 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 5 қаңтардағы N 6 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 05.01.2013 N 6 бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 76-бабының 1-тармағына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса берілген Жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе көлігімен тасымалдау қағидалары бекітілсін.

2. М ы н а л а р д ы ң :

1) «Қазақстан Республикасы әуе жолдарында жолаушыларды, багаж бен жүкті тасымалдау ережелерін бекіту туралы» Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі № 182 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2301 болып тіркелген);

2) «Қазақстан Республикасы әуе жолдарында жолаушыларды, багаж бен жүкті тасымалдау ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі № 182 бұйрығына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2006 жылғы 4 қаңтардағы № 2 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4018 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің Азаматтық авиация комитеті (Р.Ө. Әдимолда) белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік

және коммуникация вице-министрі Е.С. Дүйсенбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр Ә. Құсайынов
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К ө л і к ж ә н е к о м м у н и к а ц и я
м и н и с т р і н і ң
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 7 қ а з а н д а ғ ы
№ 448 бұйрығымен бекітілген

Жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе көлігімен тасымалдау қағидасы 1-тарау. Негізгі ұғымдар

1. Осы Жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе көлігімен тасымалдау қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының авиакомпаниясы жүзеге асыратын жолаушыларды, багажды және жүктерді әуеде тасымалдаудың, оларға қатысты қызмет көрсетуді қоса алғанда, барлық технологиялық процестеріне қолданылады.

2. Халықаралық тасымалдарды орындау кезінде осы Қағида Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады, сондай-ақ аумағына, аумағынан немесе аумағы арқылы осындай тасымалдар жүзеге асырылатын елдің заңнамаларына бағынады.

Авиакомпаниялар жолаушыларға, жөнелтушілер мен алушыларға қызмет көрсету кезінде осы Қағидаға қайшы келмеуі тиіс әуеде тасымалдаудың өзіндік ережесін (бұдан әрі – авиакомпания ережесі) белгілейді.

3. Осы Қағидада мынадай ұғымдар мен терминдер қолданылады:

1) авиакомпания – азаматтық әуе кемелері пайдаланушысының сертификаты бар заңды тұлға ;

2) агент - авиакомпанияны білдіретін, осы авиакомпанияның әуе кемесінің, экипаждың, жолаушылардың, багаждың, жүктің, почтаның және борттық қорлардың келуімен, жөнелтілуімен және ресімделуімен байланысты барлық рәсімдерді орындау ол тікелей немесе оған уәкілеттік берілген жеке немесе заңды тұлға ;

3) багажды (PIR – Property Irregularity Report), жүкті (CIR – Cargo Irregularity Report) тасымалдау кезіндегі ақаулар туралы акт - жолаушының (алушы) қатысуымен бір немесе бірнеше авиакомпанияның әуе кемелерімен тасымалданған багажға (жүкке) келтірген зиян белгілі болғанда авиакомпания тез арада ресімдейтін және авиакомпания мен жолаушы (алушы) қол қоятын қ ұ ж а т ;

4) әуежай - әуе кемелерін қабылдау мен жөнелтуге, әуе тасымалдарына қызмет көрсетуге арналған және осындай мақсаттар үшін әуеайлақ, аэровокзал, басқа да қажетті ғимараттары мен жабдықтары бар құрылыстар кешені;

5) межелі әуежай (пункт) - әуе тасымалы шартына сәйкес жолаушы, багаж немесе жүк жеткізілетін әуежай (пункт);

6) жөнелту әуежайы (пункті) - әуе тасымалы шартына сәйкес жолаушыларды, багаж немесе жүкті тасымалдау басталатын әуежай (пункт);

7) трансфер әуежайы (пункті) - әуе тасымалы шартына сәйкес жолаушы ұшақты ауыстырып немесе жүкті тасымалдау бағыты бойынша бір рейстен басқасына әрі қарай бет алу үшін тасымалдайтын, билетте немесе жүкқұжатта көрсетілген әуежай (пункт);

8) багаж - әуе кемесінің бортында тасымалданатын жолаушылардың немесе экипаждың жеке заттары;

9) тіркелген багаж – авиакомпания сақталуын өз жауапкершілігіне алып, оған жүк түбіртегі мен жүк белгісін беріп, тасымалдауға қабылдаған жолаушының жүгі;

10) қате жөнелтілген жүк – авиакомпанияның кінәсімен межелі пунктке жіберілмеген жүк;

11) талап етілмеген багаж - багаж белгісінде көрсетілген межелі әуежайға (пунктке) келген, бірақ жолаушы алмаған багаж;

12) тіркелмеген багаж - жолаушының тіркелген багажынан басқа, Тасымалдаушының келісімімен әуе кемесінде тасымалданатын және оның жүк бөлімдері мен жолаушылар салонында орналасқан, «Қол жүгі» белгісімен куәландырылған жүгі. Әуе кемесінің бортына жолаушылардың өзі жеткізеді. Тіркелмеген багаж жолаушының жауапкершілігімен тасымалданады, тіркеу кезінде міндетті түрде өлшенуі тиіс және жүкті тегін тасымалдау нормасына кіреді;

13) билет - (жолаушы билеті және багаж түбіртегі) авиакомпания не оның агенттері беретін тасымалдау, жолаушыны әуеде тасымалдау талаптарымен шарт жасасу құжаты;

14) күні белгіленбеген билет - жөнелту, межелі пункті, авиакомпания, қызмет көрсету класы көрсетілген, бірақ рейстің нөмірі мен әуе кемесінің ұшу күні, уақыты көрсетілмеген билет;

15) броньдау (тапсырыс) – әуе кемесінде жолаушыларды, сондай-ақ бірегей сандық әріптік код иеленген, жолаушы, багаж немесе жүктер туралы ұшу және өзге де ақпарат берілген, Авиакомпанияның броньдау жүйесінде электрондық жазбамен расталатын жүк көлемін тасымалдау үшін орындарды алдын-ала бөлу;

16) соманы қайтару - жолаушыға (жіберушіге) немесе оның өкіліне ол бұрын төлеген, бірақ пайдаланбаған тасымал немесе қызмет құнының бір бөлігін немесе

т о л ы қ қ ұ н ы н т ө л е у ;

17) әуе тасымалы – жолаушыларды, багажды, жүктерді және почта жөнелтілімдерін әуе кемесінде тасымалдау бойынша жеке және заңды тұлғалардың қызметі ;

18) халықаралық әуе тасымалы - орындалуы барысында жөнелту және межелі пункттері тасымалдау немесе жүкті қайта тиеу арасында үзілістің бар-жоғына қатысты :

екі немесе одан да көп мемлекет аумағында; егер басқа мемлекеттің аумағында аялдау көзделсе, бір мемлекет аумағында орындалатын тасымал ;

19) ұшақ – ауадан ауыр, ұшу кезіндегі көтеру күші негізінен осы ұшу жағдайларында қозғалмаған күйінде қалатын үстіңгі беттердегі аэродинамикалық реакциялар есебінен қалыптасатын күш қондырғысы арқылы қозғалысқа келтірілетін әуе кемесі ;

20) әуе желісі - араларында тұрақты әуе тасымалдары жүргізілетін пункттерді анықтайтын белгіленген желі ;

21) Варшава конвенциясы - халықаралық әуе тасымалдарына қатысты кейбір ережелерді сәйкестендіру үшін 1929 жылғы қазанның 12-сінде Варшавада қол қойылған конвенция ;

22) жүк - почта, борттық қорлардан басқа әуе кемесінің бортында тасымалданатын кез келген мүлік ;

23) тез бұзылатын жүк - сақталуда және тасымалдауда ерекше жағдайларды талап ететін өсімдік немесе жануар текті заттар, олардан өңделу арқылы алынған өнімдер, тірі өсімдіктер, балық өсіру материалы ;

24) транзиттік жүк - жүкқұжатқа сәйкес аралық пунктке жеткізілген рейспен әрі қарай тасымалданатын жүк ;

25) трансферлік жүк - жүкқұжатқа сәйкес трансфер әуежайына (пунктіне) бір рейспен, ал әрі қарай сол немесе өзге авиакомпанияның басқа рейсімен тасымалданатын жүк ;

26) бағалы жүк - нақты құны Варшава конвенциясының 22-бабында белгіленген жүк .

27) жүкқұжаты (Air Waybill) - әуе тасымалы, оның шарттары мен жүкті әуе желілері арқылы тасымалдауға қабылдау жөнінде келісім жасалғанын растайтын әуе тасымалы құжаты ;

28) қарап тексеру - қарап тексеруге құқығы бар тұлғалар жүргізетін тексеріп қарау ;

29) ақылы багаж түбіртегі - міндетті түрде ақылы тасымалданатын заттар және белгіленген тегін алып өтетін заттардың нормасынан артық багажды тасымалдау төлемін растайтын, сондай-ақ жүктің жарияланған құндылығы үшін

ұсталатын алымдарды растайтын құжат.

30) тасымалдау бағыты - белгілі бір тәртіппен билетте көрсетілген (жүк тасымалдағанда жүк құжаттамасында) жөнелту, трансфер және межелі әуежайлар (пункттер);

31) жіберуші - жүкті жіберетін заңды немесе жеке тұлға;

32) жолаушы - әуе тасымалы келісімі немесе өзге де заң негіздеріне сәйкес әуе кемесінде тасымалданатын және экипаж құрамына кірмейтін жеке тұлға;

33) жолаушы купоны (Passenger Coupon) - жолаушы мен оның жүгін әуеде тасымалдау келісімін растайтын, электрондық-сандық жазба немесе қағаз тасығышта (БСО) ұсынылған билет бөлігі;

34) ұшу купоны (Flight coupon) - жолаушыға билетте көрсетілген пункттер арасында тасымалға құқық беретін билеттің бөлігі;

35) багаждың, жүктің зақымдануы - тасымалдау кезінде багаждың, жүктің немесе багаждың, жүктің бір бөлігінің өзінің бастапқы мақсатында толық пайдаланыла алмайтындай жарамсыз жағдайға келуі (өз құндылығын жоғалтады);

36) алушы - жүкқұжатта жүкті алушы ретінде көрсетілген заңды немесе жеке тұлға;

37) рейс - әуе кемесінің маршруттың бастапқы және соңғы пунктіне дейін орындайтын бір бағыттағы ұшуы (кесте бойынша немесе кестеден тыс);

38) тұрақты рейс - бекітілген кестеге сәйкес орындалатын рейс;

39) алым - авиакомпания алатын және енгізетін және жолаушыларды, багажды, жүкті және почта жөнелтілімдерін тасымалдау құнына кіретін әуежай және отын алымдары;

40) тариф - белгілі бір бағыт бойынша жөнелту пунктінен межелі пунктке дейін бір жолаушыны не багаж немесе жүктің салмақ немесе көлем бірлігін тасымалдағаны үшін авиакомпания өндіріп алатын төлем;

41) белгілі бір класқа қызмет көрсету тарифі - бір жыл ішінде ешқандай шектеулерсіз қолданылатын, тиісті қызмет көрсету класының тарифі (қолданыс мерзімі тасымалдау маусымымен анықталатын маусымдық тарифтерді есепке алмағанда);

42) трансфер - әуе тасымалы келісіміне сәйкес ауысып отыру әуежайына дейін бір рейспен орындалатын тасымал, ал әрі қарай тасымал сол немесе өзге авиакомпанияның басқа рейсімен жүзеге асырылады;

43) электрондық билет - кәдімгі қағаз бланктің орнына ұсынылатын авиабилеттің электрондық формасы;

44) төлем құжаты - қолданыстағы заңнамаға сәйкес ресімделген және тапсырыс төлемін растайтын фискалдық құжат (кассалық чек, төлем туралы түбіртек немесе банктің көшірмесі). Төлем құжаты әуе тасымалы шартына

қолма-қол ақша қаражаттарын төлеу кезінде беру үшін Әуе тасымалы шартын жасауды растайтын тиісті құжат болып табылады;

45) қалыпты тариф – қолданыс мерзімі 1 (бір) жыл және шектеулері жоқ бірінші, бизнес немесе экономикалық/туристік класқа қызмет көрсету үшін белгіленген ең жоғарғы (толық) тариф;

46) арнайы тариф - сату мерзімдері, кері ұшу пунктінде аз аялдау, броньдау/төлеу талаптары, жолаушы санаты сияқты кейбір арнайы шектеу талаптарын көздейтін қалыпты тарифтерден өзгеше тарифтер түрі.

4. Авиакомпаниямен жасалған әуе тасымалы шарттарына сәйкес және авиамаршрутқа арналған куәлік негізінде авиакомпания тұрақты рейстерде жолаушылар тасымалын ұйымдастырады, қамтамасыз етеді және орындайды. Тұрақты рейстер жарияланған кестеге сәйкес белгілі бір кезеңдегі рейстердің жүйелі сериясы болып табылады және әуе тасымалы шартын жасауға және тұрақты рейс маршруты бойынша ұшуға ниеті бар кез келген жеке тұлғаға арналған.

Жарияланған әуе кемелері қозғалысының кестесінде әрбір тұрақты рейс бойынша мынадай ақпарат болуы тиіс:

жөнелту әуежайы;
межелі әуежайы;

әуе кемелері қозғалысының кестесі бойынша әуе кемесінің қонуы көзделген тасымал маршруты бойынша орналасқан әуежай (-лар);

авиакомпаниялар коды;
рейс нөмірі;
аптасына рейсті орындау күндері;
жөнелту уақыты (жергілікті);
келу уақыты (жергілікті);
рейсті орындау кезеңі;
әуе кемесінің үлгісі (-лері).

Әуе кемелері қозғалысының кестесінде басқа да ақпарат болуы мүмкін.

Авиакомпания жалдау шартына сәйкес рейстің белгілі бір тапсырыс берушісі (жалдаушы) үшін тұрақты емес рейстерде (чартерлік) жолаушылар тасымалын ұйымдастырады, қамтамасыз етеді және орындайды (фрахталық келісім).

Авиакомпания тұрақты емес рейстерді тұрақты тасымалдаулар орындалмайтын авиамаршруттар бойынша жарияланған кестеге сәйкес жүйелі рейспен тасымалдауды ұйымдастырады, қамтамасыз етеді және орындайды.

Авиакомпания жасалған әуе тасымалы шарттарына сәйкес багаж, жүктер және почта тасымалдарын тұрақты немесе тұрақты емес (чартерлік) рейстерде ұйымдастырады, қамтамасыз етеді және орындайды (фрахталық келісім).

2-тарау. Жолаушыларды тасымалдау тәртібі

5. Жолаушының авиакомпания немесе оның агенті авиакомпания ережесіне сәйкес ресімдеген және берген нақты билеті болғанда ғана тасымалдауға жіберіледі.

Билетке өзгерістер енгізуді авиакомпания немесе авиакомпанияның келісімі бойынша уәкілетті агент жүзеге асырады.

6. Билет жолаушы мен оның багажын онда көрсетілген маршрут пен қызмет көрсету класы бойынша жөнелту пунктiнен межелі пунктке дейін тасымалдау үшін жарамды болып табылады. Әрбір ұшу купоны жолаушы мен оның багажын, онда көрсетілген бағыт учаскесі, қызмет көрсету класы, күні мен орны броньдалған рейс бойынша тасымалдау үшін ғана жарамды.

Егер билет броньдау туралы белгісіз (күні белгіленбей) берілсе, онда орын жолаушының сұрау салуына сәйкес сұрау салынған рейсте бос орындардың болуына қарай броньдалады.

Билеттің сатылған жері мен күні оның барлық купондарында көрсетіледі.

7. Ұшу күні белгіленбеген тасымалға берілген билет, жолаушы мен оның багажын тасымалдау үшін, тасымал басталатын күннен бастап бір жыл ішінде, ал егер бірде бір ұшу купоны пайдаланылмаса, онда билет берілген күннен бастап жарамды.

8. Арнайы тариф бойынша тасымалдауға берілген билет авиакомпания белгілеген мерзімде жолаушы мен оның багажын тасымалдауға жарамды.

9. Авиакомпания мынадай жағдайларда авиакомпания ережесіне сәйкес жолаушыны тасымалдауға жібермейді:

1) билеттің қандай да бір бөлігіне зиян келтірілсе;
2) купон билеттерінде белгіленген тәртіпте авиакомпаниямен (Агентпен) расталмаған түзетулер болса;

3) тиісті ұшу купоны жоқ болса;
4) кейінгі пайдаланылмаған ұшу купондары жоқ болса;

5) билетте (ұшу және жолаушы купондары) авиакомпания немесе агент валидаторының белгісі жоқ болса;

6) жолаушылардың билеті жоғалды деп жарияланғанда;
7) ұсынылған билет бұрын жоғалды (ұрланған) немесе жасанды деп танылған болса;

8) авиакомпанияның автоматтандырылған броньдау жүйесінде тапсырыс (броньдау) жазбасы жоқ болса;

9) жолаушының тегі мен жеке басын куәландыратын мәліметтер авиакомпанияның автоматтандырылған броньдау жүйесінде тапсырысты ресімдеу кезінде көрсетілген мәліметтермен сәйкес келмесе.

10. Билеттің жарамдылық мерзімі, егер жолаушы мына жағдайларда билет жарамдылығы мерзімі ішінде ұша алмаған болса, бастапқы төленген тарифке сәйкес келетін сол қызмет көрсету класы бойынша бос орын бар авиакомпанияның ең жақын рейсіне дейін ұзартылады:

- 1) билетте көрсетілген рейстің кейінге қалдырылуы немесе кешіктірілуі;
- 2) билетте көрсетілген әуежайда әуе кемесінің қонуды орындамауы;
- 3) билетте көрсетілген рейс пен күні бойынша орын ұсына алмау мүмкінсіздігінен жолаушының жөнелтілмеуі;
- 4) рейсті орындамаған әуе кемесінің жөнелту әуежайына қайтып оралуы;
- 5) кестеде көрсетілген әуе кемесі үлгісінің ауыстырылуы;
- 6) билетте көрсетілген қызмет ету класының ұсынылмауы;
- 7) әуе кемесінің амалсыз қонуы себебінен рейске үзіліс жасалуы;
- 8) әуе кемесінде онымен бірге ұшуға тиіс жолаушының ауырып қалуы;
- 9) жолаушы қарап тексеруге байланысты жөнелтудің кешіктірілуі себебінен ұшудан немесе ұшуды жалғастырудан бас тартқан жағдайда;
- 10) авиакомпанияның билетті дұрыс ресімдемеуі.

11. Егер тасымалдауға билеті бар жолаушы орынды броньдау жөнінде өтініш жасап, ал авиакомпанияның билеттің жарамдылық мерзімі ішінде орын ұсыну мүмкіндігі болмаса, онда ондай билеттің жарамдылық мерзімі авиакомпанияның бастапқыда төленген тарифке сәйкес келетін қызмет көрсету класы бойынша бос орын бар ең жақын рейсіне дейін ұзартылады.

12. Жолаушы авиакомпанияға ұшу купоны бар билетті көрсетеді. Пайдаланылған ұшу купондары бар билет жолаушыны тасымалдау және ақшаны қайтару үшін жарамсыз.

Авиакомпания ұшу купондарын жолаушы купонында көрсетілген жөнелту пунктінен бастап жолаушы мен оның жүгін тасымалдау үшін тек қатаң жүйелілікпен қабылдайды.

Жолаушы пайдаланылмаған барлық ұшу купондарын тасымалдың бүкіл кезеңінде сақтауы қажет және авиакомпанияның талап етуі бойынша көрсетілуге және тапсырылуға тиіс.

Халықаралық тасымалдарда жолаушы еліміздің заңнамасына сәйкес талап етілген аумаққа, аумақтан немесе аумақ арқылы жүзеге асырылатын тасымалға шығу, кіру және тағы басқа құжаттарды ресімдейді.

13. Электрондық тикетинг (e-ticketing) билетті шығармай-ақ авиатасымалдарды сатуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл жолаушыға шығарылған билетсіз рейске тіркелуіне және отыруына мүмкіндік береді.

Электрондық билет (e-ticket немесе ET) қағаз купондар E-ticket сервері (ETS) немесе авиакомпания серверінде сақталатын электрондық билет жазбасымен ауыстырылғанын білдіреді. Электрондық түрде ұшу купондары ғана сақталады.

Электрондық билетті сатып алу фактісін растау ретінде маршрут түбіртегі
б е р і л е д і .

Электрондық билеттегі маршрутты шығарудың (ITR) бірқатар опциялары бар
:

п р и н т е р д е ш ы ғ а р у ;
э л е к т р о н д ы қ а д р е с к е ж і б е р у .

Шетелге ұшу кезінде төлқұжаттық бақылаудан өту барысында маршрут
түбіртегі кері билет айғағы ретінде қажет болады.

Жолаушы әуежайға ұшақ ұшқанға дейін тіркеу бойынша белгіленген
рәсімдерді орындау үшін авиакомпания немесе әуежай белгілеген уақыттан
к е ш і к п е й к е л е д і .

Егер жолаушы тіркелу белгіленген мерзімде келмесе, онда авиакомпания
оған жасалған аталған әуежайдан ұшу бронын жоя алады.

Ұшатын жолаушылардың билеттерін тіркеу және багажын ресімдеу
операциялық залда немесе тіркеудің басқа әдістері арқылы жүргізіледі.

Жолаушы интернет арқылы тіркелу кезінде немесе тіркелудің кез-келген
басқа түрлерін пайдалана отырып, сәйкестендіру үшін электрондық билет
нөмірін қолдана алады (өздігінен тіркелу бағаны немесе ұялы телефон арқылы
т і р к е л у) .

14. Билет немесе оның кез келген бөлігі жоғалып, бүлінген жағдайда немесе
ұшу купондары жоқ билетті көрсетуі жағдайында, авиакомпания жолаушының
өтінішімен осындай билеттің орнына билеттің дубликатын береді.

Шетелдік авиакомпания берген билет (немесе оның кез келген бөлігі)
жоғалған, бүлінген жағдайда, жолаушы авиакомпанияға дубликатты толтыру
үшін чек қоса берілген жазбаша өтініш жолдайды.

Бұл жағдайларда жолаушы тасымалдаушыға тиісті маршрут бойынша ұшуға
билет берілгендігі жөнінде қанағаттанарлық дәлелдер келтіруі керек.

15. Күні белгіленбеген билетті беру авиакомпанияның ережелерімен
б е л г і л е н е д і .

16. Авиакомпания жолаушыға дубликаттың көшірмесін беруден бас тартады,
е г е р :

1) жолаушы бастапқы тасымал құжаты туралы нақты ақпаратты ұсынбаса;
2) жолаушы ұшуға дейін 3 сағат қалғанда немесе рейс ұшқаннан кейін сұрау
с а л с а ;

3) бастапқы броньдау және сату броньдау жүйесінде расталмаса;

4) бастапқы билет интерлайн-партнер, бейтарап бланкісінде ресімделген
б о л с а .

17. Орындарды броньдау жолаушыларды тасымалдау шарты болып табылады
және авиакомпанияның броньдау автоматтандырылған жүйесіне енгізу кезінде

ш ы н а й ы .

18. Жолаушы броньдауды жүзеге асыру және арнайы қызметтерді ұсыну мен ұшу қауіпсіздігі талаптарын орындау үшін қажетті мынадай мәліметтер мен құжаттарды ұсынады :

- 1) тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) жолаушының құжаттары туралы деректер (оны ауыстыратын төлқұжат немесе құжат) ;
- 3) қосымша құжаттар туралы деректер (виза, медициналық анықтама, балаларды тасымалдауға арналған құжаттар);
- 4) тұрақты мекен - жайы ;
- 5) межелі пункте болған кезеңдегі уақытша тұратын жерінің мекен-жайы немесе тұрақты мекен - жайы .

19. Жолаушы немесе жолаушының атынан броньдауды жүзеге асыратын тұлға авиакомпанияны мынадай жағдайларда 5 күнтізбелік күн ішінде хабардар етеді :

- жолаушының шектеулі қозғалысы;
- бала тасымалы ;
- жолаушының нашар көруі (көрмеуі), естуі;
- бұл жағдайда жетектеуші итті алып жүру қажеттілігі;
- инфекциялық ауру ;
- 28 аптадан астам мерзімдегі жүктілік;
- бөбектен бастап 7 жасқа дейінгі балаларды тасымалдау;
- жануарларды (құстарды) тасымалдау;
- тасымалдау нормасынан жоғары немесе ірі габаритті, ауыр салмақты бағаждың болуы ;
- қару-жарақ, оқ-дәрілерді тасымалдау.

Авиакомпания көрсетілген ақпаратты алғаннан кейін, егер көрсетілген жағдайларда әуе кемесінің техникалық мүмкіндіктеріне байланысты тасымалдауды орындай алмаса, жолаушыны броньдаудан бас тартатыны туралы 1 күнтізбелік күн ішінде хабардар етеді.

20. Әуе кемесінде белгілі бір рейс пен күнге жолаушы орнын және жолаушыны, багажды, жүкті тасымалдау үшін тасымал сыйымдылығын бекіту әуе көлігімен жолаушыны, багажды, жүкті тасымалдаудың міндетті шарты болып табылады .

21. Жолаушыға тиісті түрде ресімделген билет берілмей броньдау алдын ала болып есептеледі және жойылуы да мүмкін.

22. Жолаушы броньдауды растау үшін (топты тасымалдау жағдайында – топ басшысы) байланыс құралдарын қолдана отырып, авиакомпания өкілдігінің немесе оның агентінің офісіне өтініш жасайды және авиакомпания билетті сатып

а л у

к ү н і н

б е л г і л е й д і .

23. Егер жолаушы (жолаушылар тобы) броньдалған орыннан бас тартса немесе тіркеу орнына авиакомпания белгілеген уақытта келмесе, онда жолаушының билетіне (жолаушылар тобының) тарифті пайдалану шарттары қ о л д а н ы л а д ы .

24. Жолда аялдауға тек ол авиакомпаниямен немесе оның агентімен алдын ала келісілген және билетте көзделген жағдайда ғана рұқсат етіледі.

25. Егер билет тасымалдаушының арнайы тарифі бойынша төленген болса, жолаушының жолда аялдауы тарифті пайдалану шарттарымен реттеледі:

Жолда аялдау үшін билет төлеудің көрсетілген жағдайларының кез келгенінде мына шарттар сақталуы қажет: аялдама билеттің жарамдылық мерзімі шеңберінде ғана жасалады; аялдама авиакомпания және тиісті елдердің заңнамасымен рұқсат етіледі.

26. Жолаушының өтініші бойынша билетке өзгеріс енгізу тек авиакомпания ережесіне сәйкес жүргізіледі.

27. Авиакомпания тасымалда оның кінәсімен орын алған өзгерістерге қатысты қосымша төлем талап ете алмайды. Алайда, егер жолаушы тарифі және өзгертілген маршрут бойынша тегін тасымалдау нормасынан жоғары багажды тасымалдау тарифы төленетін сомадан төмен болса, онда айырмасы жолаушыға қ а й т а р ы л а д ы .

28. Егер тасымалдаушы белгілі бір себептермен жолаушыға жасалған броньға сәйкес тиісті қызмет көрсету класы салонында орын тауып бере алмайтын болса, о н д а :

1) егер жолаушы бастапқы броньдауға сәйкес келетін, тамақ беріліп және норма бойынша жүкті тегін алып өту құқығы берілетін басқа қызмет көрсету класы салонында ұшуға келіссе, төленген және ұсынылған қызмет көрсету класында тасымалдау құны айырмасы бойынша ешқандай қайта есептеулер жү р г і з і л м е й д і ;

2) егер жолаушы төленген класпен салыстырғанда арзандау класс салонында ұшудан бас тартса, авиакомпания жолаушыға авиакомпанияның рейсінде немесе басқа авиакомпанияның рейсінде бастапқыда броньдалған класқа сәйкес орын тауып бере алатын уақытқа дейін бұл жолаушыны қонақ үйде орналастыру, тамақтандыру, байланыс құралдарын пайдалану және әуежайға бару және әуежайдан келу үшін жер көлігін пайдалануға кететін іс жүзіндегі шығындардың шеңберіндегі шығындарды көтереді.

29. Авиакомпания жолаушының әуемен тасымалдау шартын біржақты т ә р т і п п е н мынадай :

1) жолаушы әуе кемесі ұшуының алдында «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының

2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 107-бабында белгіленген тексеруден бастартқан ;

2) жолаушы осы Қағида талаптарын бұзған және (немесе) әуе кемесінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін іс-әрекет жасаған;

3) егер жолаушының алкогольмен, есірткімен, уытқұмарлықпен масаң күйде болуы және оның рухани немесе физикалық жағдайы өзінің денсаулығына немесе әуе кемесінің бортындағы адамдар мен мүліктің қауіпсіздігіне қатер төндіретін, сондай-ақ басқа жолаушыларға қолайсыз жағдай туғызатын болған жағдайларда тоқтатады.

Жолаушының алкогольмен, есірткімен, уытқұмарлықпен масаң күйде болуы денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен медициналық куәландыру арқылы расталады.

30. Егер жолаушыға осы Қағиданың 29-тармағында көрсетілген себептермен тасымалдаудан бас тартса, оған осы Қағиданың 5-тарауына сәйкес тарифті пайдалану шартын қолдану арқылы пайдаланылмаған билет немесе оның бөлігі үшін сомасы қайтарылады.

31. Дипломаттық курьерлер мен байланыс фельдъегерлерін тасымалдау дипломатиялық органдар мен консулдық қызмет талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Дипломаттық курьер мен байланыс фельдъегері авиакомпанияның талап етуі бойынша дипломаттық бағажды алып жүретін адам ретінде оның арнайы өкілеттігін растайтын құжаттарды көрсетеді.

32. Қазақстан Республикасының авиакомпаниясы тасымалдайтын балалар ересек жолаушылармен бірге, сондай-ақ оларсыз да тасымалдана алады.

Тасымалдаушы еріп жүретін адамдары жоқ балаларды авиакомпания тасымалға тек олардың ата-аналары немесе қамқоршыларының жазбаша өтініштерінен кейін ғана қабылдайды.

33. Еріп жүретін адамдары жоқ балалар ретінде ата-аналарсыз және жолаушылардың қайсыбіреуіне сеніп тапсырылмаған халықаралық рейстерде жасы 6-дан 16-ге дейінгі, ішкі рейстерде жасы 6-дан 14-ке дейінгі балалар тасымалданады.

Жасы 6-ға дейінгі балалар ересек жолаушымен бірге ғана тасымалданады.

Егер Қазақстан Республикасының кәмелетке толмаған азаматы Қазақстан Республикасынан ілесіп жүретін адамсыз шығатын болса, ол өзімен бірге төлқұжаттан басқа нотариалды түрде ресімделген ата-аналарының, бала асырап алушылардың, қамқоршыларының Қазақстан Республикасының кәмелетке толмаған азаматының шығуына ол баруға ниетті шығу мерзімі мен мемлекеті (-тері) көрсетілген келісімді алып жүруі тиіс.

34. Жеке орын алмайтын және ересек жолаушымен ілесіп жүретін, 2 жасқа дейінгі бір баланы халықаралық рейстерде тасымалдау үшін ақы алынбайды.

Егер 2 жасқа дейінгі бала халықаралық рейсте жеке орында тасымалданатын болса, оның тасымалы үшін оған еріп жүретін ересек жолаушының тиісті тарифінің 50% төленеді.

Халықаралық рейсте бір ересек жолаушының 2 жастан 12 жасқа дейінгі әрбір баланы тасымалдауы үшін еріп жүретін ересек жолаушының тиісті немесе арнайы тарифінің 50% төленеді.

Межелі пунктке төлемсіз ұшатын балаларға жүкті тегін алып жүру құқығы және салоннан жеке орын берілмейді.

35. Ішкі тасымалдарда жолаушы 2 жасқа дейінгі бір баланы оған жеке орын бермей ақысыз тасымалдауына болады, ал ішкі рейстерде жолаушымен бірге ұшатын 2-ден 15 жасқа дейінгі басқа балалар үшін толық тарифтің 50% төленіп, жеке орында тасымалданады.

36. Тасымалы үшін белгілі бір тиісті қызмет көрсету класына 50% төленген әрбір балаға оның жасына тәуелсіз жеке орын беріледі және қалыпты төлем жасаған жолаушылар үшін белгіленген норма бойынша багажды тегін тасымалдауларына рұқсат етіледі. Егер бұл жағдайларда тегін тасымалдау нормасынан асатын мөлшердегі багаж тасымалданатын болса, ол тиісті тариф бойынша төленеді.

37. Науқасты зембілмен тасымалдау оған әуе кемесінде тарифті қолдану шарттарына сәйкес төлеммен қосымша орындар ұсынылу арқылы жүргізіледі.

Авиакомпания жолаушыны кресло-арбада, науқасты зембілмен, егер осындай жолаушыларды тасымалдау үшін жекелей әуе кемелерінде қажетті жағдайлар жасалмаса, тасымалдаудан бас тартады.

38. Мүгедекті арбада (жазылмалы креслода) және науқасты зембілмен тасымалдау ұшу кезінде осы жолаушыға күтімді қамтамасыз ететін адамның болуымен ғана жүргізіледі. Науқасты зембілмен тасымалдау авиакомпания белгілеген төлеммен әуе кемесінде оған орын ұсыну арқылы жүргізіледі.

Авиакомпания немесе агент мүгедекті арбада (жазылмалы креслода) немесе науқасты зембілмен тасымалдау кезінде әуе кемесінің бортынан (бортына) жеткізу үшін осындай жолаушының тасымалдануы туралы әуежайды алдын ала хабардар етеді.

39. Жүкті әйелдер авиакомпанияға емдеу мекемесінен билетте көрсетілген рейсті орындау күні әуеде тасымалдануы үшін қарсылықтары жоқ екендігі туралы медициналық қорытындыны ұсынған кезде ғана тасымалдануға қабылданады.

40. Авиакомпаниялар, авиакомпания ережесінде көзделген жағдайлардан басқа әуежайлар арасында немесе әуежай мен қала арасында жолаушылар мен багаждың жердегі тасымалын жүзеге асырмайды.

Жердегі көлікпен қызмет көрсетуді дербес ұйымдар орындаған жағдайлар

болса, онда олар авиакомпанияның агенттері болып қаралады.

41. Авиакомпанияның кінәсінен тасымалдауда кідіріс болған немесе әуе кемесінің кеш келуі салдарынан рейс кешіккен, орындалмаған, тасымалдау маршруты өзгерген кезде тасымалдаушы жолаушылар үшін жөнелту пункттерінде және аралық пункттерде мынадай:

1) жеті жасқа дейінгі балалы (болған кезде) жолаушыға ана мен бала бөлмесін ұ с ы н у ;

2) рейстің жөнелтілуін екі сағаттан аса күткен кезде ұзақтығы бес минуттан аспайтын екі телефон қоңырауын шалу, оның ішінде халықаралық байланыс желісі бойынша қоңырау шалу немесе электрондық почта арқылы екі хабарлама ж і б е р у ;

3) рейстің жөнелтілуін екі сағаттан аса күткен кезде салқындатылған с у с ы н д а р м е н қ а м т а м а с ы з е т у ;

4) рейстің жөнелтілуін төрт сағаттан аса және әрі қарай күткен кезде: күндізгі уақытта - әрбір алты сағат сайын; түнгі уақытта әрбір сегіз сағат сайын ыстық тамақпен қамтамасыз ету;

5) рейстің ұшуын күндізгі уақытта сегіз сағаттан аса және түнгі уақытта алты сағаттан аса күткен кезде авиакомпания ұсынған қонақ үйге орналастыру;

б) қонақ үй қосымша ақысы алынбай ұсынылатын жағдайда авиакомпания ұсынған көлікпен әуежайдан қонақ үйге дейін және кері қарай жеткізу қызметтерін көрсетуді ұйымдастыруға міндетті.

Жолаушының сұрауы бойынша оған хат ұсынылады немесе авиакомпанияның арнайы тағайындалған лауазымды тұлғасы тасымалды кешіктіру себептері туралы билетке белгі қояды.

42. Авиакомпания жолаушыға көрсетілген қызмет көрсетуді ұсыну нәтижесіндегі немесе онымен байланысты залалдарды немесе шығындарды ө т е й д і .

43. Авиакомпанияның кінәсінен жолаушы тасымалы кідірілетін кезде, соңғысы жолаушыға әрбір кідірілген сағат үшін билет (кідіріс жасалған ұшу учаскесінде) құнының 3 % мөлшерінде айыппұл төлейді.

Өндіріп алынған айыппұл сомасы сатып алынған билет (кідіріс жасалған ұшу учаскесінде) құнынан аспауы қажет.

44. Егер авиакомпания өзінің кез келген рейсін ұшырмаса, үзсе, қалдырса, кідіртсе, онда авиакомпания жолаушымен келісім бойынша осындай жолаушыны өзінің басқа рейсімен тасымалдайды немесе оны тасымалдау үшін басқа авиакомпанияға береді, немесе жолаушыға соманы қайтарады және шартты бұзумен келтірген шығындарды өтейді.

3-тарау. Багажды тасымалдау тәртібі

45. Жолаушыларға жалпы салмағын авиакомпания белгілеген тіркелмеген багажды алып өтуге рұқсат беріледі.

46. Тұлғалардың қызметтік міндеттерін атқару кезіндегі қару-жарақтарын тасымалдау берілетін рұқсат бойынша және аумағына, аумағынан немесе аумағы арқылы тасымал жүзеге асырылатын елдің заңнамасын сақтаумен жүзеге асырылады.

47. Авиакомпания багажды тасымалға қабылдау кезінде билетте орындар санын және тіркелген багаждың салмағын көрсетеді, бұл жолаушыға багаж түбіртегін беру болып саналады. Бұдан басқа, авиакомпания жолаушыға нөмірлі багаж белгісінің үзбелі талонын береді.

Багаждың әрбір орнының салмағы 32 килограмнан және үш өлшем сомасы бойынша мөлшері 158 куб сантиметрден аспауы тиіс.

48. Багажды тіркегеннен кейін оның сақталуына авиакомпания жауапты болады.

49. Авиакомпания, егер жүк шабаданарға, қораптарға, сөмке немесе оның қауіпсіз тасымалдануын қамтамасыз ететін басқа да орамдарға оралмаған болса, оны тіркелген жүк ретінде қабылдамайды.

50. Талаптар қойылған жағдайда авиакомпания сынаттын немесе тез бұзылатын жүктің тіркелген багажын тасымалдауды жүзеге асырады.

51. Тіркелген багаж жолаушы ұшатын әуе кемесімен тасымалданады. Егер мұндай тасымалдау ұшу қауіпсіздігі және/немесе авиациялық қауіпсіздік, сондай-ақ форс-мажорлық жағдайлар туғызған оқиғалар шеңберінде мүмкін болмаса, авиакомпания тіркелген багажды өзінің ең жақын келесі немесе алдыңғы рейсімен тасымалдайды.

52. Салонда жеке орын ұсынылмай тасымалданатын балалардан басқа билеті бар әрбір жолаушыға рұқсат етілген салмағын авиакомпания белгілейтін қол жүгін тегін тасымалдау рұқсат етіледі.

53. Жолаушы тасымал маршрутын өз еркімен өзгерткен жағдайда, оған жаңа учаскедегі тиісті маршрут үшін белгіленген норма бойынша багажды тегін тасымалдау мүмкіндігі беріледі.

54. Тасымал маршруты еріксіз өзгерген жағдайда, егер оны ұшу қауіпсіздігі және/немесе авиациялық қауіпсіздік, сондай-ақ форс-мажорлық жағдайлар талап етсе, онда жолаушыға алғашында төленген маршрут және қызмет көрсету класы бойынша рұқсат етілген мөлшердегі багажды тегін тасымалдау мүмкіндігі беріледі.

55. Жолаушы тегін тасымалдайтын багаждың белгіленген нормасынан жоғары заттар авиакомпания ережесімен белгіленеді.

56. Тегін тасымалдау нормасынан асатын мөлшердегі багаж тасымалы үшін жөнелту пунктінде жету пунктіне дейінгі толық тасымал үшін ақылы багаж түбіртегі берілген күнге жарамды тариф бойынша төленеді. Мұндай төлем алдын ала (билет ресімделетін кезде) жүргізіледі.

57. Егер жолаушы тасымалға жөнелту пунктінде жолаушы мәлімдегеннен және билетті толтыру кезінде алдын ала төленгеннен аз мөлшерде багаж ұсынса, багаждың мәлімдеген және нақты салмағы айырмасының тасымалы жолаушыға алғашқы төлем валютасында қайтарылуға тиіс.

58. Егер жолаушы багажды мәлімделген және төлемі алдын ала жасалған мөлшерден артық көлемде тасымалға ұсынса, ондай багаж жолаушымен бір әуе кемесінде тасымалдануға тек қана бос жүк көлемі болғанда және тиісті қосымша ақы төленгеннен кейін қабылданады.

59. Жолаушының тілегі бойынша тегін тасымалдау нормасынан жоғары багажды тасымалдау төлемі аялдау пунктіне дейінгі жолда немесе трансфер пунктінде жүргізілуіне болады.

60. Егер жолаушы межелі, аялдау немесе трансфер пунктіне келгеннен кейін, өзінің тіркелген багажын алмаса және ол туралы мәлімдесе, авиакомпания немесе жолаушыға қызмет көрсететін оның агенті авиакомпания рәсімдері шеңберінде багажды іздестіру бойынша шаралар қабылдайды.

61. Авиакомпания кінәсімен дұрыс жіберілмеген, талап етілмеген багаж межелі, аялдау немесе трансфер пунктіне қосымша ақысыз жеткізіледі.

62. Жолаушы өзінің тіркелген багажын оны авиакомпания межелі, аялдау немесе трансфер пунктінде тапсыруға ұсынғаннан кейін алуға тиіс.

63. Авиакомпания әуе тасымалы шарты бойынша авиакомпанияға тиесілі сомалардың барлығының төленуі жағдайында багаж түбіртегі мен багаж белгісінің үзбелі талонын көрсеткен адамға тіркелген багажды береді.

64. Багаж түбіртегі мен багаж нөмірлі белгісінің үзбелі талонын көрсетушінің өтініші бойынша, сондай-ақ жөнелту пунктінде немесе қонудың аралық пунктінде, егер багажды осы пункттерде беруге аталған елдің заңдарымен тыйым салынбаған болса және уақыт оны беруге ыңғайлы болса, тіркелген жүк беріледі.

Жөнелту пунктінде немесе қонудың аралық пунктінде багаж осылай берілген жағдайда, авиакомпанияға осы багаж тасымалына қатысты бұрын төленген сомалар жолаушыға қайтарылмайды.

65. Егер жолаушы багаж түбіртегі мен багаж нөмірлі белгісінің үзбелі талонын көрсете алмаса, бұл адамға жүк тек оның жеке басын куәландырушы құжаттарды тексергеннен кейін ғана беріледі.

66. Багажды жеткізудегі кідіріс, оның жетіспеушілігі, бұзылуы немесе жоғалуы, сондай-ақ багаж багаж түбіртегі мен багаж нөмірлі белгісінің үзбелі талонының көрсетілуінсіз берілген жағдайларда, багажды алушы тұлға мен

авиакомпания қол қоятын тасымалдау кезіндегі ақаулар жөнінде акт жасалады. Акт багажды тасымалдауда ақау анықталған кезде бірден тасымалдаушы т а р а п ы н а н ж а с а л а д ы .

67. Багажды кешіктіріп жеткізгені үшін авиакомпания багажды алушыға кешіктірілген әрбір тәулік үшін авиабилеттің құнының 10%-ы, бірақ авиабилет құнының 50%-нан артық емес мөлшерде айыппұл төлейді.

68. Талап етілмеген багаж әуежайда, авиакомпанияда оның жеткізілген күнінен бастап 6 ай бойы сақталады. Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін талап етілмеген багаж жойылады.

69. Иттер, мысықтар, құстар және басқа да жануарлар авиакомпанияның алдын ала келісім беруімен ғана тасымалға қабылданады. Жөнелтуші аумағына, аумағынан немесе аумағы арқылы тасымал жүзеге асырылатын елдің ветеринарлық органдары талап ететін құжаттарды көрсетуге міндетті.

70. Жануарлар мен құстарды тасымалдау үшін жолаушы ауа кіретін контейнермен (тормен) қамтамасыз етеді.

71. Контейнердің (тордың) түбі су өткізбейтіндей болып, сорғыш материалмен қапталуға тиіс. Жануарлар мен құстарды ауа кіретін тесігі бар тығыз жабылған кәрзеңкелерде, қораптарда тасымалдауға болады. Құстардың торлары жарық өтетін тығыз матамен қапталуы тиіс.

72. Еріп жүретін адамы бар жануарлар мен құстардың салмағы, соның ішінде контейнерлер (торлар) мен тамақтың салмағы, егер авиакомпания өзгені белгілемесе тегін тасымалданатын багаж нормасына кірмейді және тариф б о й ы н ш а т ө л е н е д і .

Жануарлар тіркелген багаж түрінде әуе кемесінің оқшауланған жүк бөлмесінде тасымалданады. Егер ұшу оқшауланған жүк бөлмесі жоқ әуе кемесімен орындалатын болса, онда жануарлары бар торлар жолаушылар салонында орналастырылады.

73. Көзі көрмейтін жолаушымен еріп жүрген жетекші иттер қарғыбауы мен тұмылдырығы болып, иесінің аяғының астында байлаулы болған жағдайда, багажды тегін тасымалдау нормасынан тыс, торсыз тегін тасымалданады.

4-тарау. Жүктерді тасымалдау тәртібі

74. Жүкқұжаты авиакомпания мен жөнелтуші арасында жүкті әуеде тасымалдау шартының жасалғанын куәландыратын, авиакомпанияның тасымалдау шарттары мен жүкті қабылдау құжаты болып табылады.

75. Жүкқұжатын жөнелтуші толтырады және қол қояды және авиакомпанияға жүк пен бірге беріледі.

76. Жүкқұжатына тарифтер мен алымдарға қатысты деректерді авиакомпания

е н г і з е д і .

77. Авиакомпания жөнелтушіден немесе ол уәкілеттік берген адамнан, егер жөнелту бір орыннан артық орынды алса, қосымша жүкқұжатын толтыруды т а л а п е т е а л а д ы .

78. Жөнелтушінің өтініші бойынша авиакомпания жүкқұжатын өзі толтыра а л а д ы .

79. Жүкқұжаттағы жүктің салмағы, өлшемі мен орамы, сондай-ақ орын саны туралы деректер, егер авиакомпания өзгеше дәлелдемесе, дұрыс деп есептеледі. Жүктің мөлшері, көлемі және жай-күйі туралы деректер, егер авиакомпания жөнелтушінің қатысуымен оларды тексерсе, ол туралы жүкқұжатында көрсетсе немесе егер осы деректер жүкті сыртқы түріне қатысты болса, дұрыс деп е с е п т е л е д і .

80. Егер жүктің сыртқы түрі, орамы, жүктің жай-күйі қанағаттандырғысыз болып табылса, жөнелтуші жүкқұжатында оның шын мәніндегі сыртқы түрі мен жай-күйін көрсетеді. Егер тасымалдауға тапсырылатын жүктің ерекше қасиеттері болса немесе ерекше жағдайда тасымалдауды қажет етсе, жөнелтуші мұны жүкқұжатында көрсетуге тиіс. Алайда, егер жөнелтуші мұндай нұсқауларды жасамаса, онда авиакомпания жүкқұжатында жүктің нақты түрі мен жай-күйі, оның ерекше қасиеттері мен тасымалдау шарттары туралы немесе бұрын жасалған белгіні, өзінің қолымен және мөрімен (мөртабанымен) енгізген түзетулерін к у ә л а н д ы р ы п , а н ы қ т а й а л а д ы .

81. Жөнелтуші жүкқұжатында көрсетілген мәліметтердің толықтығы, дұрыстығы, дәлдігі үшін авиакомпания алдында жауап береді, оның ішінде жүкқұжатты авиакомпания жөнелтушінің өтініші бойынша толтырған жағдайда д а б о л а д ы .

82. Жөнелтуші көліктік құжаттардағы көрсетілген мәліметтердің дұрыс еместігі, дәлсіздігі немесе толық еместігі салдарынан авиакомпанияға келтірілген шығынның о р н ы н т о л т ы р а д ы .

83. Жүкқұжатының жоқ болуы, дұрыс еместігі немесе жоғалуы тасымалдау шартының бар болуына, жарамдылығына әсер етпейді.

84. Егер жүкқұжатына авиакомпания немесе оның агентінен басқа адам түзетулер немесе өзгерістер енгізсе, онда ол жарамсыз деп танылуы мүмкін.

85. Жүк көлемін броньдау жүкті тасымалдаудың қажетті шарты болып т а б ы л а д ы .

86. Жүкті тасымалдау үшін жүк көлемін алдын ала броньдау жүзеге асырылады. Алдын ала броньдамай, жүкті белгілі бір бағытта тасымалдау үшін жүк авиакомпаниямен келісілген салмағы немесе көлемі бойынша қабылдануы м ү м к і н .

87. Жүк көлемін броньдау жүк көлемі броньдалған сол күні және сол рейспен

және броньдау кезінде авиакомпания мен жөнелтуші арасында келісілген пункттер арасында тасымалдауға құқық береді. Жүк көлемін броньдау авиакомпания жөнелтушіге жүкқұжатын бермегенге дейін алдын ала деп е с е п т е л е д і .

88. Жөнелтушінің жүк көлемін броньдауға берген өтінімі мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) жүктің атауы, орын саны, жалпы салмағы мен көлемі;
- 2) әрбір орынның өлшемдері;
- 3) маршруты, рейсі және жөнелту күні;
- 4) тасымал төлеміне кепілдік беретін құжаттың атауы мен нөмірі;
- 5) тасымалдау мен сақтауда ерекше шарттар немесе сақтық шараларын талап ететін жүктің ерекше қасиеттері.

89. Егер жөнелтуші сұраған маршрут авиакомпания үшін қолайсыз болып табылса, онда соңғысының жөнелтушімен келісу арқылы өзінің ыңғайына қарай таңдайды.

90. Жөнелтушіні немесе броньдаудың жүргізілгені туралы өтінім ұсынған авиакомпанияны хабардар еткен сәттен бастап авиакомпания жүкті броньдау өтінімін қабылдады деп есептеледі.

91. Белгілі бір рейске броньдау мынадай жағдайларда жарамсыз болады, егер:
1) жөнелтуші авиакомпанияның актілерімен көзделген сомада және мерзімде авансты төлемесе;

2) жөнелтушіге жүкті тасымалдау үшін жүкқұжат берілмесе.

92. Егер жөнелтуші жүкті белгіленген мерзімде жеткізбесе немесе оны дұрыс толтырылмаған құжаттармен жеткізсе, немесе жүкті жөнелтуге дайындамаса, онда авиакомпания бұл үшін осы әуежайдан бұрын жасалған броньдауды жоя алады.

93. Жүкті жеткізуде мерзімін өткізіп алғаны үшін авиакомпания алушыға әрбір мерзімін өткізіп алған тасымал тәулігі үшін 5% мөлшерінде айыппұл, бірақ тасымал үшін 50% артық емес мөлшерде төлейді.

94. Авиакомпания жөнелтушінің өтініші бойынша ұсынған, жүкті тасымалдау мен броньдауға қатысты байланыс шығындарын, алғашқы броньдауға қатысты байланыс шығындарын есепке алмағанда, жөнелтуші төлейді.

95. Жүк мынадай шарттармен әуе тасымалына қабылданады:

1) жүкті әкету, әкелу немесе транзиті аумағына, аумағынан немесе аумағы арқылы тасымал жүзеге асырылатын елдің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылуға тиіс;

2) жүктің габариттері әуе кемесінің және оның бөліктерінің багаж-жүк бөлімінде еркін тиелуін және түсірілуін, орналасуын қамтамасыз етуге тиіс;

3) рейстік жолаушы әуе кемелерінде тасымалдау кезінде жүктің салмағы мен

габариттері авиакомпанияның ережелерінде белгіленген мөлшерден аспауға тиіс;

4) жүкке талап етілетін құжаттар қоса тіркелуге тиіс;

5) жүк әуе кемесі үшін онда орналасқан адамдар мен мүлікке қауіп-қатер жасамауы және өздерінің қасиеттері бойынша жолаушыларға қолайсыздық жасамауы тиіс.

96. Салмағы мен габариттері бойынша белгіленген мөлшерден асатын жүк авиакомпанияның келісімімен ғана тасымалдауға қабылдануы мүмкін.

97. Жүк қалыпты жағдайларда тасымалдағанда олардың сақталуы қамтамасыз етілетіндей, сондай-ақ адамдарға зиян келтірмейтіндей немесе басқа жүктің немесе авиакомпанияның мүлкіне зақым тимейтіндей, оның ерекше қасиеттері ескеріле отырып, оралуы тиіс.

98. Тасымалға жарияланған құнымен тапсырылатын ыдысты немесе орынның оралуын жөнелтуші пломбалауы тиіс.

Пломбалар стандартты болып, оның цифрлық бедерлері және әріп белгілері болуы тиіс. Жүкқұжатында жүкке жасалған пломба туралы белгі қойылады және жөнелтуші пломбасының атауы көрсетіледі.

99. Тасымалданатын жүктің әрбір орнының жөнелту және көліктік белгісі және/немесе жүкті тасымалдаудың ерекше жағдайларын бейнелейтін арнайы белгілері болуы тиіс.

Таңбалау Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) мен Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (ИАТА) стандарттары негізінде әзірленген авиакомпания ережесіне сәйкес орындалады және онда мынадай мәліметтер болуы тиіс:

межелі және жөнелту әуежайларының атауы;
алушы мен жөнелтушінің нақты мекен-жайлары;
әрбір орынның брутто массасы.

100. Жүкті тасымалдауға қабылдау шарттарын сақтамағаны үшін жөнелтуші жауап береді. Жөнелтуші авиакомпанияны жүкті әуеде тасымалдау шартынан туындайтын барлық міндеттемелерден және тиісті елдердің қолданыстағы заңдарымен және ережелерімен тасымалдауға тыйым салынатын заттарды жөнелтуші жүк жөнелтуге енгізгені салдарынан туындауы мүмкін шығыстардан немесе жүк белгісі, салмағы, орын саны, мекен-жайы, жүктің сипаттамасы немесе орау сапасы, сондай-ақ кедендік рұқсаттардың немесе басқа да талап етілетін құжаттардың болмауы, кешігуі немесе дұрыс еместігі салдарынан болуы мүмкін шығыстардан босатады.

101. Авиакомпания, егер жүк осы Қағиданың 95-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе, тасымалға қабылдаудан бас тарта алады.

102. Трансферлік жүкті тасымалдау барлық тасымалдау маршруты бойынша расталған жүк көлемі броньдалғанын алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

103. Трансферлік жүк жүкті бір рейстен екінші рейске беру жөніндегі барлық рәсімдерді орындау үшін жеткілікті мерзімде трансфер әуежайына келіп жетуі тиіс.

104. Халықаралық бағыттарға, ішкі әуежайларға ұшуға ашық Қазақстан Республикасының әуежайлары арқылы жіберілетін трансферлік жүктің салмағы, габариттері мен қасиеттері ішкі желілерде пайдаланылатын әуе кемелеріндегі оларды тасымалдау мүмкіндіктеріне сәйкес келіп, авиакомпания ережесіне, сондай-ақ трансфер әуежайларында оларды сақтау шарттары мен мүмкіндіктеріне жауап беруі тиіс.

105. Авиакомпания, егер өзгесі жөнелтуші немесе алушымен келісілмесе межелі пунктті өзгертусіз жүкқұжатында көрсетілген маршрут тасымалын өзгертеді.

106. Егер жүкті жөнелту авиакомпанияға тәуелсіз себептерге байланысты қандай да бір пункте тасымалдың басталған немесе жүргізілу кезінде кешіктірілсе, онда ол жөнелтушіні жүкқұжатта көрсетілген мекен-жай бойынша хабардар етеді, жүкті қоймаға орналастырып, кедендік мекемеге тапсырады, сондай-ақ бұдан кейін жүкті алушының мекен-жайына тасымалдау үшін басқа көлік түріне береді.

107. Жөнелтуші жүкті әуеде тасымалдау шартынан туындайтын барлық міндеттемелерді орындау және ережелерді сақтау жағдайында:

- 1) жүкті жөнелту немесе межелі пунктінде қайтып алуға;
- 2) жүкті аралық пунктте ұстауға;
- 3) жүкқұжатында көрсетілген алушыны өзгертуге;
- 4) жүктің жөнелту пунктіне қайтарылуын талап етуге тиіс.

108. Тасымалды басқару құқығы авиакомпанияға жөнелтушіге берген жүкқұжатының бір данасы көрсетілгенде ғана жүзеге асырылады. Жүкті басқаруға байланысты барлық нұсқаулар жазбаша түрде ресімделеді.

Егер жүкті басқару салдарынан алушының аты-жөні өзгерсе, онда жаңа алушы болып аты жүкқұжатында көрсетілетін адам саналады.

109. Осы тармақта көрсетілген тасымал шартының кез келген талаптарының өзгеруі жүкқұжатына енгізілуі тиіс.

110. Егер тасымалдау өкімдерін орындау мүмкін болмаса, авиакомпания бұл өкімді орындаудан бас тартады, ол жөнінде дереу жөнелтушіні хабардар етеді.

111. Жүк межелі пунктке келіп жеткен сәттен бастап, алушы авиакомпаниядан, оған жүк пен жүкқұжатының берілуін талап ете алады.

112. Жөнелтушінің жүкті басқару құқығы жүк межелі пунктіне келіп, алушы жүкті алғаннан кейін немесе жүктің жеткізілуін талап еткеннен кейін, немесе оның жүкті қабылдағанын дәлелдейтін өзге де іс қимылдар жасағаннан кейін тоқтатылады.

113. Жүк жүкқұжатында көрсетілген алушыға немесе ол уәкілетті еткен т ұ л ғ а ғ а б е р і л е д і .

114. Авиакомпания алушыға жүкті тек алғанын растайтын құжаты бойынша және жүкқұжаты мен осы Қағидада көрсетілген барлық шарттарды ол орындағаннан кейін ғана береді.

115. Алушының жоқ кезінде мемлекеттік органға жүкті беру авиакомпанияның осындай жүкті беруді растайтын құжаттарды жөнелтуші немесе алушыға беру шартымен, оны алушыға беруі болып саналады.

116. Жүкті адам одан әрі немесе қайта кері тасымалдау жағдайларынан басқа, өзге нұсқаулар жоқ болғанда жүктің келгені жөнінде хабарлама алушыға, немесе жүкқұжатының тиісті бағанында көрсетілген адамға, әуе кемесі келгеннен бастап 12 сағат ішінде, ал тез бұзылатын, қауіпті жүк немесе хайуанаттарға қатысты 3 сағат ішінде берілуі тиіс.

Хабарлама почта немесе басқа да байланыс құралдары арқылы жіберіледі.

Авиакомпания ондай хабарламаның алынбағаны немесе кешіккені үшін жауап бермейді.

117. Егер жөнелтуші (алушы) мен авиакомпания арасында жүкті алушының мекен-жайына жеткізу жөнінде келісім болмаса, онда алушы адам жүкті межелі әуе жайдан алуға тиіс.

118. Егер алушы межелі пунктке келген жүкті алудан бас тартса немесе ала алмаса, онда авиакомпания жүкқұжатында көрсетілген немесе жүкті алушыға беру мүмкін еместігі туралы хабарланғаннан кейін алынған жөнелтушінің өкімдерін орындау үшін барлық шараларды қабылдауға міндетті. Егер ондай өкімдер болмаса немесе орындау мүмкін болмаса, авиакомпания:

1) жөнелтушіге алушының жүкті алмағаны және жөнелтушінің, одан әрі өкімін күту жөнінде хабарлама жіберуі;

2) жөнелтушінің өкімі жоқ болған кезде 30 күндік сақтау мерзімі өткен соң жүк қайтарылуы тиіс.

5-тарау. Қорытынды ережелер

119. Авиакомпания пайдаланылмаған билет, оның бөліктері, ақылы багаж түбіртегі бойынша соманы қайтару туралы өтінішті құжаттың жарамдылық мерзімі кезеңінде, бірақ осы қолданыс мерзімі кезеңінен 30 күнтізбелік күн кешіктірмей қабылдайды.

120. Ақшаны билетте көрсетілген адамға немесе билетке төлеген адамға қайтарылады.

121. Билетке төлеген, бірақ билетте көрсетілген жолаушы болып табылмайтын адам авиакомпаниядан немесе оның агентінен осы билет бойынша

пайдаланылмаған тасымал үшін ақшаны кімге қайтаруы тиіс жөнінде билетте белгі жасауды талап ете алады.

122. Ақшаны қайтару авиакомпанияға жолаушы купоны (чек) мен билеттің барлық пайдаланылмаған ұшу купондарын немесе ақылы багаж түбіртегін ұсыну бойынша ғана соманы қайтару жүргізіледі.

123. Жолаушы ұшудан бас тартуға мәжбүр болған кезде мынадай жағдайларда соманы қайтару жүргізіледі:

1) жолаушының орны броньдалған рейстің кейінге қалдырылуы, ауыстырылуы, кідіртуі;

2) жолаушының тасымалдау құжаттарының дұрыс ресімделмеуі; жолаушының жөнелту, межелі немесе жолда тоқтау пункттері болып табылатын пункттерде ұшу кестесі бойынша аялдауды кейінге қалдыру;

3) кестеде көрсетілген уақытқа сәйкес рейстің орындалмауы;

4) қызмет көрсету класын немесе әуе кемесі үлгісін ауыстыру;

5) бұрын жасалған броньға сәйкес жолаушыға орын тауып берудің мүмкін болмауы;

6) жеке бланкта жазылған рейстердің түйісуін авиакомпанияның қамтамасыз етпеуі;

7) жолаушының немесе әуе кемесінде онымен бірге келе жатқан отбасы мүшесінің дәрігерлік қорытындымен расталған ауруы немесе өлімі.

124. Ұшудан бас тартуға мәжбүр болған кезде жолаушыға төленетін сомалар авиакомпания ережесімен анықталады.

125. Ұшудан ерікті түрде бас тартқан жағдайда, ақша мына тәртіппен қайтарылады:

1) егер тасымалдау бірде-бір учаскеде орындалмаса, онда жолаушыға тарифті қолдану талаптарына сәйкес тасымал үшін төленген сома қайтарылады;

2) егер тасымал ішінара орындалған болса, онда барлық тасымал үшін төленген сома мен тарифті пайдалану жағдайларына сәйкес тасымалдың орындалған бөлігінің құны бойынша сома арасындағы айырма қайтарылады.

126. Соманы қайтару алғашқы тасымал төлемі валютасымен немесе жолаушының өтініші бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төленеді.

127. Соманы қайтару бастапқыда авиакомпания немесе оның агенттерінің авиакомпания ережесіне сәйкес берген билеттер мен ақылы багаж түбіртектері бойынша жүргізіледі.

128. Соманы қайтару авиакомпания немесе оның агенті берген билеттер мен ақылы багаж түбіртектері бойынша, алғашқы билет және ақылы багаж түбіртегін берген елде немесе билет қайтарылатын елдегі авиакомпания өкілдігінде жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК